



010000, Астанақаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

11.04.2024 № 2-011521-24-29312

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттарына
«Ақ жол» партиясының мүшелеріне
(твiм бойынша)

2024 жылғы 13 наурыздағы
депутаттық сауалға қатысты

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура Бас көлік прокуратурасының №220000131000186 қылмыстық іс бойынша кәсіпкерлерді қылмыстық жауаптылықтан босату туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қаулысының күшін жоюдың заңдылығы мен негізділігі туралы депутаттық сауалды қарады.

«ҚазТемірТранс» АҚ қызметкерлеріне пара берген 15 кәсіпкерді, 3 пара алушыны, сондай-ақ оларға көмектесушілерді айыптау бойынша қылмыстық істі осы сауал жасалған күні Астана қаласының Қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты қараған.

ҚПК-нің 22-бабының 2-бөлігіне сәйкес соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауаптылыққа әкеп соғады.

Пара алушылар болып табылатын сотталушыларға «қорқытып алу жолымен» саралау белгісі есептелмеген. Осыған байланысты сот қылмыстық істі ҚПК-нің 340-бабына сәйкес тағылған айып шегінде қарады.

Бұған қоса сот 15 пара берушінің 14-і негізгі қылмыстық іс тіркелгеннен кейін құқық қорғау органына кінәсін мойындап келгенін анықтады. Яғни, олар жүгінген кезде құқық қорғау органына «ҚазТемірТранс» АҚ филиалдарының басшыларының пара алу фактілері туралы белгілі болды. Сондықтан оларды ҚК-нің 367-бабына ескертпенің 2-тармағы бойынша босатуға негіз болған жоқ.

Сонымен қатар соттың қорытындыларынан, жасаған ісіне шын ниетпен сотта өкінген 14 кәсіпкердің қылмысты ашуға белсенді түрде ықпал етуі нәтижесінде сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жүзеге асырылғаны туындайды. Олар кәсіпкерлік қызметті сақтау мақсатында өз мүдделеріне нұқсан келтіріп, пара беруге мәжбүр болды.

Осыған байланысты сот талқылауының нәтижелері бойынша 2024 жылғы 18 наурыздағы үкіммен барлық кәсіпкерлер ҚК-нің 367-бабының түрлі бөліктері бойынша пара бергені үшін кінәлі деп танылды. Оның 14-і шынайы өкінуіне байланысты ҚК-нің 65-бабының 1-бөлігі негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылды. Сот өз кінәсін мойындамаған жалғыз кәсіпкерге ҚК-нің 55-бабының 4-бөлігін қолдана отырып, ҚК-нің 367-бабының 3-бөлігінің санкциясында көзделген ең төменгі шектен төмен 49 021 314 теңге мөлшеріндегі айыппұл түрінде жаза тағайындады.

Бүгінгі күні сот үкімі заңды күшіне енген жоқ және қылмыстық процеске қатысушылар шағымдануы мүмкін.

Б. Асыллов



010000, Астанақаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

11.04.2024 № 2-011521-24-29312

Депутатам Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
членам партии «Ақ жол»
(по списку)

На депутатский запрос
от 13 марта 2024 года

Уважаемые депутаты!

Генеральной прокуратурой рассмотрен депутатский запрос о законности и обоснованности отмены Главной транспортной прокуратурой постановления Антикоррупционной службы об освобождении предпринимателей от уголовной ответственности по уголовному делу №220000131000186.

На дату обращения с настоящим запросом уголовное дело по обвинению 15 предпринимателей, давших взятки сотрудникам АО «ҚазТемірТранс», 3 взяткополучателей, а также их пособников рассматривалось Межрайонным судом по уголовным делам города Астаны.

В соответствии с частью 2 статьи 22 УПК какое-либо вмешательство в деятельность суда по отправлению правосудия недопустимо и влечет ответственность по закону.

Подсудимым, являющимся взяткополучателями, не вменялся квалифицирующий признак «путем вымогательства». В связи с этим суд рассматривал уголовное дело в пределах предъявленного обвинения согласно статье 340 УПК.

Кроме того, судом установлено, что 14 из 15 взяткодателей обратились в правоохранительный орган с явкой с повинной после регистрации основного уголовного дела. То есть на момент их обращения правоохранительному органу уже было известно о фактах получения взяток руководителями филиалов АО «ҚазТемірТранс». Поэтому оснований для их освобождения по пункту 2 примечания к статье 367 УК не имелось.

Вместе с тем, из выводов суда следует, что досудебное расследование осуществлено в результате активного способствования раскрытию преступления со стороны 14 предпринимателей, которые в суде чистосердечно раскаялись в

содеянном. Они вынужденно шли на дачу взятки, действуя в ущерб своим интересам, в целях сохранения предпринимательской деятельности.

В связи с этим по результатам судебного разбирательства приговором от 18 марта 2024 года все предприниматели признаны виновными в даче взяток по различным частям статьи 367 УК. Из них 14 освобождены от уголовной ответственности на основании части 1 статьи 65 УК в связи с деятельным раскаянием. Единственному предпринимателю, не признавшему своей вины, судом назначено наказание с применением части 4 статьи 55 УК в виде штрафа ниже низшего предела, предусмотренного санкцией части 3 статьи 367 УК, в размере 49 021 314 тенге.

На сегодняшний день приговор суда не вступил в законную силу и может быть обжалован участниками уголовного процесса.

Б. Асыллов